

ISSN 1727-0537

# НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



3'2003

## ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



## ПАВЛОДАР ОЯЗЫНЫҢ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ «АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫ

А.А.ҚАСҚАБАСОВА

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

*Данная статья о роли и значении интеллигенции Павлодарского уезда в работе партии «Алаш» и правительства Алаш Орды.*

*Осы мақалада Павлодар оязының зиялы қауым өкілдерінің «Алаш» партиясының және Алаш Орда өкіметінің қызметіне қосқан үлесі жөнінде баяндалады.*

*This article about role and meaning of Pawlodar area intelligence in their work in «Alash» Party and Parliament of Alash Orda.*

Павлодар өңірінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің ХХ ғ. бас кезінде қазақ жерінде канат жайған Алаш қозғалысының дамуына қосқан үлесі, Алаш қайраткерлерімен ара байланысы жөніндегі мәселе бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Алаш Орданың саяси орталығына айналған Семей қаласының жақын көршісі ретінде Павлодар оязы ХХ ғ. бас кезінде болып жатқан құбылмалы тарихи оқиғаларға белсенді қатысты.

ХХ ғ. алғашқы ширегінде көптеген жерлестеріміз ояз орталығында қызмет еткен 3-сыныптық қалалық училище, әйел және ер балаларға арналған прогимназиялар, 2-сыныптық орыс-қырғыз училище, ауыл шаруашылық мектебінде білім алды [1; 240]. Осыған қанағат болмағандары Петербор, Том, Омбы, Қазанның оқу орындарында өз білімдерін жетілдірді. Әсіресе, неғұрлым жақын орналасқан Омбыда зиялы жерлестеріміздің саны көп болды: К. Кемеңгеров, М. Саматов, С. Қазыбеков, А. Шорманов, т.б. Мұнда сол кезге тән саяси жағдайдың әсерімен зиялы қазақ қауымы аса белсенділік танытып елдің саяси-қоғамдық жұмысына қатысты. 1913 ж. Омбыда кейін Алаш партияның ұйытқысына айналған «Бірлік» атты жастар ұйымы пайда болды. Бұл қоғамдық-саяси ұйымның өзіндік баспа органы «Балапан» қолжазба журналының редакторы болып К.Кемеңгеров тағайындалды. Көшмұхаммед Кемеңгеровтың (1896-1937) ата-бабалары Баянауылдан шыққан, өзі Омбы қаласының маңында туып

## ТАРИХИ ФАКТИЛЕР. Оқиғалар

өскеніне қарамастан Кереку өңірінде қызмет етті, сондықтан да оны жергілікті зиялылар қатарына қосуға болады. Кемеңгеров Омбыда ауыл шаруашылық училищесін тәмәмдағаннан кейін Ақмола қаласында Алаш Орданың жергілікті комитеттерін құрды [2; 45].

«Бірлік» ұйымының мүшелері ретінде Кемеңгеровтың жерлестері Асылбек, Мұратбек, Мұсылманбек Сеитовтар бекітілді. А.Сеитов – Том университетінің медициналық факультетінің түлегі. Клара Сеитованың (А.Сеитовтың қызы) естеліктері бойынша, Ә.Бөкейханов Асылбек Сеитовтың жақын досы болып, оның саяси көзқарастарының қалыптасуына өз ықпалын тигізген. «Бірлік» қауымының жұмысын ұйымдастыруда Асылбектің інілері Мұратбек және Мұсылманбектің үлесі зор болды. Мұратбек Омбы ауыл шаруашылық институтын тәмәмдаған. Жергілікті зиялылар арасында Мұратбек дарынды аудармашы ретінде танымал болды. Мұсылманбек Ресейдің жоғары оқу орындарының бірінде (өкінішке орай, қайсысында белгісіз) оқып жүріп, экономист мамандығын игерді. Ол жас саяси қызметкерлер мен қатар қоғамдық жұмыстарды атқаруға аса белсенділік танытты [3; 64].

Баянауыл округінің Ақбеттау болысында дүниеге келген Мұхтар Саматов (1894-1937) Омбы ауыл шаруашылық училищесінде оқып жүрген

кезде жоғарыда келтірілген жерлестерімен бірге «Бірліктің» жұмысын ұйымдастыруда көп еңбек сіңірген [4; 7].

1917 жылда Ақпан төңкерісінен кейін бүкіл Ресейде сияқты Қазақстан жерінде де алуан түрлі саяси-қоғамдық ағымдар пайда болды. Олардың әрқайсылары қазақ даласының келешегі үшін дамудың өзіндік жолдарын ұсынды. Қазақ елінің егемендігін, саяси тәуелсіздігін, ұлттық бостадығын аңсаған зиялыларымыз Алаш қозғалысының басына тұрды. Алаштың жергілікті ұйымдары Қазақстанның көптеген аймақтарында пайда болды.

Павлодар оязының жерінде мұндай саяси ұйымның қызметі Алаш Орданың жергілікті қалалық комитетінің төрағасы ретінде бекітілген Қабыш Бердалиннің және Алаш Орданың Павлодарлық комитетін құруда көп еңбек сіңірген Мұқыш Боштаевтың есімдерімен байланысты.

Баянауылдың Ақбеттау болысында дүниеге келген М.Боштаев заңгер мамандығын игерді. Өкінішке орай, оның білім ордасы жөнінде екі түрлі мәліметтер кездеседі. «Қазақ» газетінің 1916 ж. шыққан бір мақаласында Мұқыш Петербург университетінде, 1917 ж. шыққан екінші мақалада – Қазан университетін тәмәмдағаны жөнінде жазылған [5; 161, 416]. Өз елінің

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

болашағы жөнінде ойланған М. Боштаев қазақ баспасөз беттерінде білім беру мәселелерін көтерген. Саяси-қоғамдық белсенділігін Мұқыш студенттік кезінде танытқан. Ол Қазан университетінің бір топ студенттерімен майданға кетіп баратқан солдаттарға барынша көмек көрсетуге дайындығын білдірді. Бұл жөнінде мақала «Қазақ» газетінің 1916 ж № 201 санында жарияланды. 1917 ж желтоқсан айында Орынборда ашылған Бүкілқазақтық съезд қазақ автономиясына байланысты мәселені шешті. Қан-төгіс азамат соғысы кезінде ұлттық тыныштықты сақтау мақсатымен Алаш Орданың негізгі билік органы Ұлттық Кеңесті ұйымдастыру қажеттілігі туды. Ұлттық Кеңестің мүшелерінің орынбасары ретінде М. Боштаев тағайындалды [6; 333]. Жергілікті зиялы қауымның арасындағы Мұқыштың зор беделін келесі факт дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1917 ж № 235 санында қазақ арасынан Ресей құрылтай жиналысына депутат ретінде тағайындалған адамдардың тізімінде 22 болып М. Боштаевтің есімі келтірілген [7; 250]. 1917-1918 жж. қайғылы күндерінде Мұқыш Боштаев құрдастарымен бірге болып алуан түрлі қоғамдық-саяси жұмыстармен айналысты, елдегі құбылмалы саяси жағдайды елге түсіндіру, милиция қорғау отрядтарын құруды ұйымдастыру, т.б. Өкінішке орай, жергілікті

архивтерде сол кездегі құжат мәліметтердің жоқ болуы мәселенің зерттеуіне кедергі болуда.

Павлодар өлкесінен шыққан парасатты қауым өкілдері Алаш Орданың саяси орталығына айналған Семей қаласында қызмет етті. 1917 ж қазан айында С. Торайғыров, Әбикей Сәтбаев, Ж. Аймауытов, А. Сейтов Алаш партияның ресми мүшелігін қабылдады. [8; 122].

Жергілікті зиялыларымыз тұрғылықты мәселелермен ғана айналыспай Алаш Орданың көптеген съездеріне белсене қатысады. 1917 ж. 20-28 мамырда Орынборда Бүкілқазақтық съезд өтті. Оның мақсаты Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қазақ өкілдерін дайындау. Бұл жиналыста Әбикей Сәтбаев Семей облысынан Алаш партиясы ұйымының № 5 тізімінен 16-сы болып Әбикейдің есімі кездеседі [9; 73]. Ә. Сәтбаев Баянауыл өлкесінің тумасы. Ол Омбының мұғалімдер семинариясында білім алғаннан кейін Кереку қаласында оқытушылық қызметін атқарды. Петербург қаласындағы 1917 ж саяси төңкерістен кейін елдегі құбылмалы оқиғалардан қауіптенген алаштың ардақты басшысы Ә. Бөкейханов Қазақстандағы сенімді адамдарына арнайы жеделхат жібереді. Павлодар қаласына жеделхат Ә. Сәтбаевтың атына жіберілді. Хатта айтылғандай: «Жаңа құрылған үкімет дүкенің сүйеу үшін

қазаққа ұйымдасу керек, ... түзулікпен іс етіндер, жаңа үкіметті сүйендер. ... өзіміздегі майдандағы жұмысшыларымызға болысындар. Халықтың көңілін білдіріңдер», Әлихан өлкедегі ел басқару жұмысын халықтың мұқтаждарына байланысты қызметті ұйымдастыруды Сәтбаевқа артты. Бұл жеделхат «Қазақ» газетінің 1917 ж № 223 санында жарияланды [10; 233].

Павлодар оязының Шідерті болысынан шыққан Базыкен Өскенбаев (1872-1937)-жеріміздің парасатты адамдардың бірі. Ол үш сыныптық қалалық училищесін, Омбыдағы төменгі сатылы мектебін және фельдшерлік мектебін тәмамдағаннан кейін ұзақ уақыт бойы Екібастұз аймағында фельдшер қызметін атқарды. Ол «Алаш» партияның қызметіне белсенді қатысты. Базыкен Өскенбаев патшалық Ресейдің атақты азаматы атағына ие болған. 1917 ж 20-28 мамыр Орынбордағы құрылтай жиналысында ол Семей және Ақмола облысынан «Алаш» партиясының өкілі ретінде депутат болып сайланды [11; 3].

21-26 шілдеде Орынборда ұйымдастырылған Алаш Орданың келесі құрылтайында М. Боштаев Семей облысынан, А. Сеитов Ақмола облысынан депутат болып сайланды [12; 105]. Желтоқсан айында өткен Бүкілқазақтық жиналыс Орынбор қаласында басталды. Мұнда Алаш

Орданың мемлекеттік құрылысы, саяси жағдайы, т.б. маңызды мәселелерді шешуде М. Саматов қатысты.

Айтбакин Әміре Алаш қозғалысының дамуына өз үлесін қосқан зиялы адамдардың бірі. Ол Баянауыл өлкесінің тумасы. «Дала уалаятының мәліметтеріне сүйенсек, ол: «әуелі Омбыда, военный прогимназияда оқып, онан соң 1882 ж Московский учительский семинария военной ведомстводан оқып шығып, Степной генерал-губернаторының мекемесінде азырақ тұрып соңғы уақытта Семей облысының Военный губернаторының хакімінде чиновник особых дел еді» [13; 91]. 1989 ж Айтбакин Әміре Том университетінің медициналық факультетіне оқуға түсіп, 1894 ж оны күміс медалімен тәмамдады. 19 ғ 80 жж Семей облыстық басқармада корреспондент және кеңесші қызметін атқарды. Мұнда ол Ресейдің саяси қоныс аударған социал-демократтарымен, революционерлермен тығыз байланыста болды. Өзінің жске бас қасиеттері, ерік жігерінің күшімен Айтбакин Әміре қарапайым аудармашы қатарынан жоғары квалификациялы дәрігер деңгейіне жетті. Мұхтар Құл-Мұхамедтің пікірі бойынша, Айтбакин Ә. беделі зор, парасатты зиялылар арасында қоғамдық-саяси жұмыстарды атқаруда маңызды роль атқарып, «Алаш» партиясының ардақты бас-

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

шыларының бірі болды [14; 84].

Еліміздің атакты ақыны, жазушы С. Торайғыров (1893-1920) Алаш қозғалысының дамуына өзіндік үлес қосты. Ол Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов сияқты Алаштың қызметкерлерімен тығыз байланыста болды. Торайғыров олардың ұлттық тәуелсіздік, білім берудің прогрессивтік идеяларын жақтады. 1914 ж ұлы жерлесіміз «Таныстыру» атты поэмасын шығарады. Осы шығармада автор қазақ халыққа алаштың ардақты басшыларын ұсынып, таныстырады. Поэмада М. Боштаевқа, Ә. Бөкейхановқа, Ш. Құдайбердиевке, т.б. сипат беріледі. 1917 ж Торайғыров «Алаш ұраны» өлеңін жазды. Бұл шығармада 20 ғ бас кезіндегі қазақ халқының жарқын келешекке деген зор үміті көрсетілген. 1917 ж қазан айында Ә. Бөкейханов Том қаласында өткен сібір автономистерінің жиналысынан қайтып оралғаннан кейін Семей қаласында құрылтай ашты. Мұнда Әлихан қазақ халқын сапар жұмысының нәтижиелерімен таныстырды, казак автономиясы жөнінде маңызды ой-пікірлер айтылды. Алаш басшыларының сөздерінен кейін С. Торайғыров, Ж. Аймауытов салтанатты өлеңдерін баршаға оқыды. Осы құрылтайға арналған «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаланың авторы, С. Торайғыров «Сарыарқа» газетінің 1917 ж №№ 18, 20 сандарында жариялады. Бұл

мақалада автор Әлихан келтірген ұлттық автономияға байланысты идеяларға талдау жасайды [15; 376].

Алаш қозғалысының дамуына үлесін қосқан жергілікті зиялы қауым өкілдерінің бірі, Баянауыл жерінде дүниеге келген Ж. Аймауытов (1889-1931) Павлодардағы екі жылдық орыс-қырғыз мектебінде, Семейдегі мұғалімдер семинариясында білім алды. Аймауытов 1917 ж 27-7 наурыз аралығында өткен Алаш Орданың съездеріне белсенді қатысты. 1920 ж Алаш Орданың қызметіне тыйым салғаннан кейін ол Кеңес үкіметінің қазақ даласында жүргізген саяси-экономикалық шараларына «Сарыарқа» газетіне, «Абай» журналына сыни мақалалар жазды. Осы үшін ол 1929 ж репрессиялық құғын-сүргін құрбанына айналды, 1931 ж ату жазасына кесілді [16; 4].

Дегенмен, билік басына большевиктердің келуі, ал олармен өктемдік тәртіптерін орнатылуымен Алаш қозғалысы тұншықтырылды. Алаштың туын ұстаған жергілікті парасатты зиялыларымыз: А. Сеитов, Ә. Сәтбаев, М. Саматов, Б. Өскенбаев, Ж. Аймауытов, т.б. саяси құғын-сүргін құрбандарына айналды.

Әрине осы мәселе терең де, жүйелі де зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, жоғырады келтірілген мәліметтердің негізінде азды-көпті қорытынды жасауға болады. Павлодар оязынан шыққан ойшыл зиялы

## ТАРИХИ ФАКТІЛЕР, ОҚИҒАЛАР

қауымның өкілдері 20 ғ бас кезінде алдыңғы қатарлы Алаш қозғалысының жұмысына қатысқаны – тарихи факт. Жаңадан құрылған Алаш Орда үкіметінің жұмысын ұйымдастырып, Алаш қайраткерлерімен үздіксіз байланысты орнатқан данышпан

жерлестеріміз қазақтың тарихында тәуелсіздікке қарай маңызды қадам жасаған Алаш қозғалысының дамуына зор үлесін қосты. Алайда, жергілікті Алаш комитеттерінің қызметі, оның мүшелері жөнінде мәселелер әлі күнге дейін тарихи зерттеуді күтеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тереник М. Павлодар: это нашей истории строки. -Ч 1. -Павлодар: Эко, 2000. -292 с.

2. Кемелгеров К. Таңдамалы. -А.: «Қазақстан», 1996 ж. -296 б.

3. Сейтова К. Трагедия одной семьи // Нива, 2001. -№5.

4. Кошумбеков А., М.Саматов// Звезда Прииртышья, 1999. -11 марта.

5. Қазақ / Құраст. Сұбханбердина Ү., т.б. -А.: Ғылым, 1998 ж. -390 б.

6. Қойгельдиев М. Алаш қозғалысы. -А.: Санат, 1995. -336 б.

7. Бөкейхан Ә. Шығармалары. -А.: Қазақстан, 1994. -384 б.

8. Алаш Орда. Сборник документов // Сост. Мартыненко С. -А.: Айқап, 1992. -191 с.

9. Сәтбаева Ш. Сәулелі әулет. -А.:

Қазақстан, 1996 ж. -175 б.

10. Бөкейхан Ә. Шығармалары. -А.: Қазақстан, 1994. -384 б.

11. Тереник М. Дело Базыкена Оскенбаева// Новое время, 2001. -11 апреля.

12. Қазақ / Құраст. Сұбханбердина Ү., т.б. -А.: Ғылым, 1998 ж. -390 б.

13. Дала уәлаятының газеті /Құраст. Сұбханбердина Ү., т.б. -А.: Ғылым, 1994 ж. -213 б.

14. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -А.: Атамұра, 1998 ж. -360 б.

15. Бөкейхан Ә. Шығармалары. -А.: Қазақстан, 1994. -384 б.

16. Сопибекова К. Возвращенные имена// Ваше право, 1999 г. -№ 21.